

# ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің газеті

№69 (234), қараша 2025 ж.

Ғылым мен білім жолындағы  
серіктестік жалғасуда



Біздің түлек – біздің  
мақтанышымыз!



Тәуелсіздік  
– тұғырым



2025 жылғы 26 қарашада Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Өзбекстан Республикасының Шыршық қаласындағы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің филиалының жұмысымен танысып, Халықаралық студенттер күніне арналған салтанатты іс-шараға қатысты.



## Министр Саясат Нұрбек Әуезов университетінің Шыршық филиалына ресми сапармен келді

Іс-шараға Өзбекстан Республикасының Жоғары білім, ғылым және инновациялар министрлігі жанындағы Жоғары білім беру жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының директоры Узоқбой Бегимқұлов, М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің Басқарма төрағасы – Ректор Дархан Ахмед-Заки, Ташкент химия-технология институтының Ректоры Батыр Усманов, «Чирчик» химия-өнеркәсіптік технопарктің директоры Жасур Мұхамедов, сондай-ақ Қазақстанның бірқатар жоғары оқу орындарының ректорлары қатысты.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – Қазақстан мен Өзбекстан жоғары оқу орындары арасындағы екіжақты ынтымақтастықты нығайту, академиялық ұтқырлықты кеңейту, ғылыми байланыстарды дамыту және жаңа білім беру бастамаларын қолдау. Сонымен қатар жастар арасындағы достықты нығайту мен ортақ инновациялық жобаларды алға жылжытуға ерекше мән берілді.





Кездесу барысында тараптар екі ел университеттері арасындағы жаңа серіктестік бағыттарын, академиялық ұтқырлықты дамыту тәжірибесін, цифрландыру мен инновация салаларындағы ынтымақтастықты талқылады. Университеттер мен өнеркәсіптік кәсіпорындар арасындағы байланысты күшейту мәселелері көтеріліп, бірқатар бірлескен білім беру бағдарламалары мен ғылыми бастамалар таныстырылды. Сондай-ақ екі ел жастарының достығын бейнелейтін мәдени бағдарлама ұйымдастырылды. Бұл шара халықаралық әріптестікті дамытуға, білім беру сапасын арттыруға және студенттердің мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған маңызды қадам болды.

Министр бастаған делегация филиалдың бірқатар оқу аудиториялары мен зертханаларындағы оқу үдерісімен танысты. Делегация мүшелері «құқықтану» бағыты бой-

ынша жабдықталған мамандандырылған оқу-сот залын аралап, болашақ мамандардың кәсіби дағдыларының деңгейін жоғары бағалады. Сондай-ақ олар робототехника, бағдарламалау және цифрлық инженерия кабинеттерін көріп,



студенттердің IT-жобаларымен танысты.

Өз сөзінде министр Саясат Нұрбек: «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің Шыршық филиалында оқу үдерісін жаңғырту, цифрлық ин-

фрақұрылымды нығайту және тәжірибеге бағытталған білім беруді дамыту жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Филиал өңірдің заманауи білім кеңістігін қалыптастыруда стратегиялық маңызға ие», – деп атап өтті.

Министр сондай-ақ білім сапасын арттыру мен ғылыми ортаны кеңейтуге бағытталған бастамалар жан-жақты қолдау табатынын айтты.

Іс-шара аясында бірінші курс студенттеріне студенттік билеттерді табыстау рәсімі өтті. Кездесу соңында министр қазақстандық филиал студенттеріне арнайы дәріс оқыды.

Айта кетейік, 2024 жылы Қазақстан мен Өзбекстан мемлекеттерінің басшыларының қатысуымен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің Шыршық қаласындағы филиалының ресми ашылу салтанаты өткен болатын.

## QS Eurasia Forum 2025 халықаралық форумы



2025 жылғы 25-26 қараша күндері Ташкент қаласында (Өзбекстан) QS Eurasia Forum 2025 халықаралық форумы өтті. «Broadening horizons: Building global bridges in higher education» тақырыбында ұйымдастырылған форум – жоғары білім берудегі жаһандық әріптестік пен даму мәселелерін талқылауға арналған маңызды алаңға айналды.

Аталған шара Өзбекстан Республикасының Жоғары білім, ғылым және инновациялар министрлігі мен Central Asian University-дің бастамасымен, QS Quacquarelli Symonds ұйымының қолдауымен өтті. Форумға Орталық Азия, Еуропа және Азия елдерінің жетекші сарапшылары, жоғары оқу орындарының ректорлары мен мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

Басқосуда аймақтағы жоғары білім беру жүйесінің өзекті тенденциялары, негізгі сын-қатерлері мен даму перспективалары кеңінен талқыланды.

Өткен іс-шарада ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек форумның негізгі спикері ретінде сөз сөйлеп, жоғары білімнің жаһандық экожүйесіндегі Еуразияның рөлі туралы баяндама жасады.

Форумға М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры Дархан Ахмед-Заки бастаған делегация қатысты. Форум аясында мазмұнды панельдік пікірталастар, негізгі баяндамалар, шеберлік сабақтары мен семинарлар өтті.

## Университетімізде медиасауаттылықты дамытуға арналған республикалық семинар өтті

М.Әуезов атындағы университет базасында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Шымкент қаласының әкімдігінің қолдауы және М.Әуезов атындағы ОҚЗУ-нің ұйымдастыруымен «Халықтың медиасауаттылығын дамыту және медиасаласы мамандарының біліктілігін арттыру» тақырыбында семинар өтті. Семинарға өңірдегі БАҚ өкілдері, Шымкент қаласына әкімдігіне қарасты басқармаларының баспасөз-хатшылары, ЖОО өкілдері, оқытушылар мен студенттер қатысты.

Семинардың мақсаты – қоғамдағы медиасауаттылықты арттыру, БАҚ мамандарының кәсіби біліктілігін заманауи талаптарға сай жетілдіру, журналистика мамандығында оқитын студенттердің білімін тәжірибемен ұштастыруға жағдай жасау. Университеттің Басқарма мүшесі, қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректор Садыбек Бейсенбаев семинар жұмысына

сәттілік тілей отырып, оқу ордасының ақпараттық саладағы жетістіктеріне тоқталды және медиа саласына білікті мамандар даярлау бағытындағы жүйелі жұмыстарды атап өтті.

Семинарда медиа саласындағы бүгінгі өзекті деген тақырыптар талқыланды. «Айғақ» телеарнасының және «Айғақ» республикалық газетінің бас редакторы Ұлжан Наушабай баяндамасында нарықтағы салалық журналистиканың орны, сапалы контент жасаудың ерекшеліктері, мамандық иелерімен байланыс орнатудағы тәжірибелерімен бөлісті. Әуезов университетінің «Филология» факультетінің ф.ғ.д., профессор Болатбек Тілеубердиев қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақ тілінің сауаттылығы жөнінде мазмұнды баяндама жасады. Ол медиа тіліндегі жиі кездесетін қателіктерді нақты мысалдар арқылы көрсете отырып, терминологиялық



бірізділік, сөздік қорды дұрыс пайдалану, аударма мәтіндерінің сапасын арттыру мәселелеріне тоқталды. Сонымен қатар, журналистиканың тілдік мәдениетін сақтау – ақпарат сапасының маңызды көрсеткіші екенін атап өтті. Баяндама қатысушылардың қызығушылығын тудырып, талқылауға негіз болды. «Заманауи медиа және журналист этикасы» — бүгінде қоғамдағы ең өзекті тақырыптардың бірі. Бұл

бағытта сөз алған Beinepro интернет-журналының бас редакторы Жәнібек Нұрыш қазіргі медиа кеңістігінің ерекшеліктеріне тоқталып, журналистердің кәсіби этикалық кодексін маңыздылығы, жалған ақпаратты анықтау жолдары, сондай-ақ авторлық құқықты сақтау мәселелері бойынша мазмұнды пікір білдірді. Ол қатысушыларға нақты мысалдар арқылы түсіндіріп, заманауи медианың жауапкершілігі мен сенімділігін арттырудың тетіктерін ұсынды.

Іс-шарада JSK.KZ Ақпараттық Агенттігінің директор-бас редакторы, халықаралық журналист Сағындық Жанысбаев AI технологияларының мақала жазудағы артықшылықтары мен шектеулері туралы өз тәжірибесімен бөлісті.

Іс-шарада қатысушылар, студенттер өз бағыттары бойынша сұрақтарын жолдап, жауап алды. Қатысушылар іс-шара аясында оқу ордасының «Мұхтартану» орталығы, мұражай, Медиа қызметі орталығының Телестудиясын аралады.



## Оқушылар арасында республикалық олимпиада өтті



15 қараша - Ұлттық валюта күніне орай, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ-нің «Қаржы» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы мен студенттерінің ұйымдастыруымен

М.Х.Дулати атындағы үш тілде оқытатын мамандырылған №8 гимназияда «Smart Finance Forum» ұйымдастырылды. 10-11 сынып оқушылары қаржылық сауаттылық бойынша онлайн платформада республикалық олимпиададан өтіп, бүгін қорытындысы жарияланды. Жеңімпаздарға I,II,III дәрежелі дипломдар табысталды. Іс-шарада елдің қаржы жүйесі, ұлттық валютаның тұрақтылығы, қаржылық сауаттылықтың

маңыздылығы бойынша қосымша конкурстар ұйымдастырылды. Белсенді қатысушылар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Форумда жоғары сынып оқушыларының қызығушылығын тудырды. Жалпы Аuezov университеттің қызметіне, оның жетістіктеріне

және «Қаржы» кафедрасының жұмысына назар аударылды.

«Smart Finance Forum» – ҚР Қаржы жүйесінің символикасы – Теңгенің құндылығын қалыптастыру, сондай-ақ өскелең ұрпақтың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсаттарында болды.



# Auezov university мен Arizona State University білім беру саласында стратегиялық әріптестікті бастайды

Халықаралық әріптестікті дамыту және қазақстандық жоғары білімді жаһандық академиялық кеңістікке интеграциялау аясында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, АҚШ-тың Arizona State University және М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Келісім стратегиялық академиялық әріптестікті орнатуға, Қазақстанда әлемдік деңгейдегі білім беру бағдарламаларын енгізуге, бірлескен ғылыми зерттеулерді дамытуға және студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын кеңейтуге бағытталған.



Қол қою рәсімі ҚР Президентінің Америка Құрама Штаттарына ресми сапары барысында өтті. Құжатқа М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры Дархан Ахмед-Заки мен Arizona State University жаһандық академиялық бастамалар жөніндегі вице-президенті Джулия Розен қол қойды.

Бұл әріптестік Қазақстан үшін қандай мүмкіндік береді:

- Халықаралық қос диплом бағдарламасы (3+1 форматы): студенттер 3 жыл Қазақстанда және 1 жыл АҚШ-тағы Arizona State University-де оқиды. Бағдарлама аяқталған соң олар М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті мен Arizona State University-дің «Компьютерлік ғылымдар / Информатика» мамандығы бойынша екі дипломын алады.
- ASU қолдауымен Honors College: Қазақстанда алғаш рет АҚШ-тың ASU моделіне негізделген жоғары жетістікті студенттерге арналған колледж ашылады. Колледж аясында зерттеу жобалары мен көшбасшылық дағдыларды дамытуға бағытталған бағдарламалар жүзеге асырылады.
- Мемлекеттік қолдау мен шәкіртақылар: бағдарлама бойынша оқу мемлекет тарапынан қолдау табады.

- Ғылыми әріптестік пен технологияларды дамыту: тараптар цифрлық білім беру, инжиниринг, менеджмент, экология және жасанды интеллект салаларында бірлескен зерттеулер жүргізу, оқытушылардың тағылымдамасы мен тәжірибе алмасу туралы келісті.

«ASU университетімен келісімге қол қою – біздің университетіміз бен Қазақстанның жоғары білім жүйесі үшін тарихи оқиға, – деді М.Әуезов атындағы ОҚУ ректоры Дархан Ахмед-Заки. – Біз америкалық білім стандарттарын енгізіп, Honors College және 3+1 қос диплом бағдарламасын іске қосамыз. Біздің студенттер елде жүріп-ақ әлемдік деңгейдегі білім ала алады».

«Arizona State University Қазақстанмен ынтымақтастықтың жаңа кезеңін бастағанына қуанышты, – деді ASU проректорының кеңсесі жанындағы жаһандық академиялық бастамалар жөніндегі вице-президент Джулия Розен. – Ортақ білім беру бағдарламалары, зерттеу және академиялық ұтқырлық АҚШ пен Орталық Азия арасындағы көпірге айналып, студенттер мен оқытушыларға нақты мүмкіндіктер ашады деп сенеміз».

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті мен Аризона штатының университеті келісімді іске асыру кезең-кезеңімен, ашық түрде және академиялық қауымдастықпен, студенттермен және халықаралық серіктестермен бірлесе жүргізілетінін растады.





## Ғылым мен білім жолындағы серіктестік жалғасуда

2025 жылғы 17 қараша күні Назарбаев Университетінде Эстония Президенті Алар Каристің сапары аясында Қазақстан мен Эстония университеттері ректорларының форумы өтті. Іс-шара барысында М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті халықаралық ынтымақтастықты кеңейтіп, Таллинн университетімен Өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойды. Құжатқа М. Әуезов атындағы ОҚУ ректоры Дархан Ахмед-Заки және Таллинн университетінің ректоры, профессор Тыну Вийк қол қойды. Тараптар білім, ғылым, инновациялар және цифрландыру салаларын-



дағы ынтымақтастықты дамытуға келісті. Меморандум оқытушылар мен студенттердің академиялық алмасуын, бірлескен ғылыми зерттеулер мен іс-шаралар өткізуді, жоғары білікті кадрлар даярлауды, ғылыми-оқытушылық материалдармен алмасуды, сондай-ақ гранттық жобалар мен бастамалар бойынша бірлесіп жұмыс істеуді көздейді. Меморандумға қол қойылуы халықаралық әріптестікті кеңейтудегі маңызды қадам болып, Қазақстан мен Эстония университеттері арасындағы білім беру және ғылыми жобаларды дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашты.



## Aueзов university және Swiss-SASEM ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде Швейцарияның Swiss School of Applied Sciences for Economics and Management (Swiss-SASEM) ұйымымен ынтымақтастық туралы келісімге қол қою рәсімі өтті. Қол қою рәсімі Swiss-SASEM Президенті, доктор Меир Ескендиоровтың қатысуымен өтті және ол екі университет арасындағы әріптестікті дамыту жолындағы маңызды қадам болды. Келісім аясында университет базасында Swiss-SASEM Business School ашу, бірлескен білім беру бастамаларын дамыту, академиялық ұтқырлықты кеңейту және заманауи халықаралық сапа стандарттарына сай бағдарламаларды іске қосу көзделген. Серіктестік шеңберінде ба-

калавриат, магистратура, DBA және Executive бағыттарындағы бағдарламаларды жүзеге асыру, оқытушылар алмасу, ғылыми-зерттеу жобаларын дамыту, сондай-ақ студенттердің халықаралық деңгейдегі бағдарламаларға қатысу мүмкіндіктері қарастырылған. М. Әуезов атындағы ОҚУ ректоры Д. Ахмед-Заки Swiss-SASEM ұйымымен ынтымақтастық университеттің дамуына жаңа мүмкіндіктер ашатынын және оның халықаралық білім кеңістігіндегі позициясын нығайтатынын атап өтті. Тараптар келісімді іске асыру ұзақмерзімді әрі нәтижелі әріптестіктің негізіне айналып, екі елдің студенттері мен оқытушылары үшін жаңа мүмкіндіктер туғызатынына сенім білдірді.

## Оқу ордамызда Корея Республикасының Бас консулы Ха Тэ Ук бастаған делегациямен кездесу өтті

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде Корея Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы мырза Ха Тэ Ук (Ha Tae Wuk) бастаған делегациямен кездесу өтті. Кездесудің мақсаты — білім, ғылым және мәдениет салаларындағы ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ корей университеттерімен өзара іс-қимылдың жаңа бағыттарын талқылау болды. Әсіресе, 2018 жылы М. Әуезов атындағы ОҚУ-да ашылған Кинг Седжон институтының қызметіне ерекше назар аударылды. Бұл жоба корей тілі мен мәдениетін насихаттау, сондай-ақ Қазақстан мен Корея арасындағы академиялық байланыстарды нығайту үшін маңызды алаңға айналды. Бас консул студенттердің дайындық деңгейінің жоғары екенін атап өтіп, серіктестікті одан әрі дамытуға қолдау көрсетуге дайын екенін білдірді. Университет басшылығы инновациялық білім беру тәжірибелерімен танымал корей жоғары оқу орындарымен



ынтымақтастықты кеңейтудің маңыздылығын атап өтті. Кездесу жылы әрі конструктивті жағдайда өтті. Кездесу соңында тараптар алдағы уақытта жаңа бірлескен бастамаларды сәтті іске асыруға ниетті екендерін білдірді.

## Оңтүстік корейлық делегациямен академиялық ынтымақтастық мәселелері талқыланды



М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде Корея Республикасынан келген делегациямен кездесу өтті. Делегация құрамында Dongduk Women's University профессоры Шин Хагюн және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қиыр Шығыс кафедрасының доценті Чун Бёнсун болды. Іс-шараға университеттің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Ернар Иманғалиев, кафедра меңгерушілері, профессорлық-оқытушылық құрам

мен құрылымдық бөлімшелердің өкілдері қатысты. Кездесу Қазақстан мен Корея Республикасы арасындағы академиялық және мәдени ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған. Кездесу барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықтың болашағы, бірлескен білім беру және ғылыми жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығын дамыту мәселелерін талқылады. Ерекше назар институционалдық серіктестікті нығай-

туға, бірлескен зерттеулер жүргізуге және өзара түсіністікті арттыруға бағытталған мәдени-білім беру іс-шараларын ұйымдастыруға аударылды. Кездесу соңында тараптар ұзақ мерзімді және өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамытуға сенім білдіріп, білім беру, ғылым және мәдениет салаларындағы халықаралық байланыстарды нығайтудың маңыздылығын атап өтті.

## ICITE-2025: Халықаралық конференция өтті



М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде «Өнеркәсіптік технологиялар және инжиниринг – ICITE-2025» атты XII халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өз жұмысын бастады. Онлайн және офлайн форматта ұйымдастырылған ауқымды басқосуға Малайзия, Қытай, АҚШ, Түркия, Ресей, Беларусь, Өзбекстан елдерінен келген зерттеуші ғалымдар мен М.Әуезов университетінің профессор-оқытушылары қатысуда. Конференцияның басты мақсаты – өнеркәсіптік технологиялар мен инжиниринг салаларындағы ғылыми жетістіктер мен жаңа бағыттарды талқылау, халықаралық ғылыми ынтымақтастықты арттыру. Екі күнге созылатын конференцияның пленарлық отырысында мұнай-газ ісі, металлургия, тамақ инжинирингі, жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, жаңартылатын энергетика, компьютерлік

және ақпараттық технологиялар, өндірісті автоматтандыру және цифрландыру, жасанды интеллекттің рөлі, биотехнология, экология және фармацевтика, ғылым мен білімнің жаһандану жағдайындағы дамуы, экономика және индустриялық шешімдер сынды өзекті бағыттағыттар кеңінен талқыланды. ICITE-2025 – ғылым мен

өндіріс арасындағы байланысқа дәнекер бола отырып, өзекті мәселелерге нақты шешімдер ұсынатын маңызды алаң екенін көрсетті. Конференцияның нәтижелері инженерлік және технологиялық салалардағы болашақ жобаларға негіз болмақ.



## Мода, искусство и дизайн: Прошла IV международная научная конференция



С 19 по 23 ноября в Российском университете дружбы народов (РУДН) имени Патриса Лумумбы прошла IV международная научная конференция «В целях устойчивого развития цивилизации: сотрудничество, наука, образование, технологии. Путь стран СНГ к 17 ЦУР: комплексный подход».

В конференции по специальному приглашению принял участие Садыбек Калмаханулы Бейсенбаев, член Правления, проректор по связям с общественностью и культуре Южно-Казахстанского исследовательского университета имени М. Ауэзова. В научном мероприятии приняли участие представители таких стран, как Китай, Мали, Конго, Нигерия, Эквадор, Неаполь, Никарагуа, Таджикистан и других.

В рамках ESG-повестки дня обсуждались актуальные темы в сфере искусства, дизайна и моды, которые были разделены на пять секций: «Мода, искусство и дизайн как инструмент партнерства на пути к построению



справедливого мира», «Мода, искусство и дизайн – элементы совершенствования ключевых сфер общественной и личной жизни», «Культура стран СНГ – творческий источник для дизайн-проектов, путь к осознанию общей ответственности за сохранение разнообразия культур», «Социальная ответственность в мире моды, дизайна и искусства», и «Искусство и дизайн – гарантия всесторонней и объективной оценки друг друга».

Садыбек Бейсенбаев выступил модератором сессии «Мода, дизайн и искусство как инструменты построения справедливого мира», где в своем вступительном слове отметил достижения в рамках сотрудничества Казахстана и России в области науки и высшего образования. Кроме того, он выступил с докладом на тему «Использование экологических материалов и методы художественной отделки при проектировании казахской национальной одежды».

На заключительном вечере С. Калмаханулы было вручено благодарственное письмо от имени ректора РУДН за высокий уровень представленного доклада.

## В рамках международной конференции прошла встреча со студентами Московского художественно-промышленного Института

В рамках IV международной научной конференции член Правления, проректор по связям с общественностью и культуре Южно-Казахстанского исследовательского университета



имени М. Ауэзова Бейсенбаев Садыбек Калмаханович по специальному приглашению посетил Московский художественно-промышленный Институт (МХПИ), ознакомился с работой учебного заведения и провел встречу со студентами.

В рамках конференции Российский университет дружбы народов имени Патриса Лумумбы совместно с МХПИ организовал секционное заседание «Мода, дизайн и искусство как инструменты построения справедливого мира».

Садыбек Калмаханович встретился со студентами института совместно с проректором по научной работе, заведующей кафедрой «Гуманитарных и социально-экономических дисциплин», кандидатом философских наук, доцентом Татьяной Чикаевой. В ходе встречи студенты задавали вопросы о системе высшего образования в Казахстане, перспективах развития дизайнерских специальностей и обменялись мнениями в открытом формате.

Проректор по проектно-творческой работе, заведующая кафедрой «Медиа и дизайн», кандидат педагогических наук, профессор Олеся Пустозерова и заведующий кафедрой «Дизайн костюма», кандидат технических наук, доцент Денис Еремкин ознакомили гостя с учебным процессом, образовательными программами, специализированными аудиториями, мастерскими и творческими работами студентов института. В свою очередь, Садыбек Калма-



ханович выразил свое мнение по вопросам развития и совершенствования дизайнерских специальностей.

По итогам встречи руководство Московского художественно-промышленного института предложило рассмотреть перспективы заключения договора о сотрудничестве с Южно-Казахстанским исследовательским университетом имени М. Ауэзова.

# Студент мәдениетінің алғышарты - дұрыс сөйлеуден басталмақ

М.Әуезов өз заманында «қазақ тілінде қалай сөйлеп жүрміз?», - деген толғамды ойларын ортаға салған болатын. Содан бері қазақ тіл мәдениеті мен сөз мәдениетінің қуаты бүгінгі тіршілігімізде орасан зор мүмкіндіктерге ие болып отыр. Жастарға білім берудегі тәжірибемізге сүйене отырып, студент мәдениетінің коммуникативтік қарым-қатынасы дұрыс сөйлеуден басталады,- деген тұжырымға тоқталамыз. Дұрыс сөйлей білетін студент айтар ойын тыңдаушы зердесіне жеткізе алады. Егер біз сөйлер сөзге ұқыптылықпен қарап, басы артық сөзді қолданбасақ сөз тіркестеріңіз маржандай тізіліп тұруына да ат салысқан болар едік. «Сөйтіп», «жаңағы», «әлгі бар ғой», «нетіп қалғанда», «өйткені», «мінеки», «значит», «допустим», «базар жоқ», «басынан кеткен», «лох екен», «қораға кірді «т.б. қойыртпақ сөздерді сөз арасына орынсыз кіргізсек, одан тыңдаушы қауым не түсінген болар еді? Бұл жерде керексіз сөздер айтар ойыңды көмескілеп, ажарынан айырады. Бұл тұрғысында қазақтың дәстүрлі сөзсаптамы жайында академиктер Р.Сыздық, Ә.Қайдар, Ш.Сарыбай, Н.Уәли т.б. тіл білімінің ғалымдары бірнеше ғылыми еңбектер жазды.

Тіл мәдениетіне сөздерді дұрыс қолданудан бастап, сауатты жазуға дейін сан түрлі міндеттер жатады. Тіл мәдениеті ең алдымен тілдік норма және оны қалыптастыру мәселелерін қарастырады. Алдымен тілдің коммуникативтік қызметін кеңейту жатса; екінші, орфографиялық және орфоэпиялық (сөйлеу барысында дұрыс дыбыстау, орфографиялық тұрғынан сауатты жазу; үшінші, тілдік лексикалық нормасын (сөздерді орнымен дұрыс қолдану); төртінші, синтаксистік (сөйлемді дұрыс құрастыру); бесінші, фразеологизмдердің мән-мағынасын түсініп қолданысқа түсіру жататынын естен шығармауымыз қажет.

Ойымыздың желісін жалғастыру үшін студент жастардың, тіпті профессор-оқытушылардың бірқатары орфоэпиялық заңдылықтарды жөн-жосықсыз пайдаланатынына назар аударғымыз келеді. Мәселен, «шегара, қыргүйек, көгенүс, қолғойду, кезкелген, жетігун, соныменғатар, қылғалам» деп дыбыстаудың орнына жазылуы бойынша қатаң буындарды сақтап қолданысқа түсіреміз. Бұл жерде айта кететін мәселе филолог, журналист мамандардың өзі орфоэпиялық заңдылықтарды дұрыс қолданбаймыз. Ауызекі сөйлеуде орфографиялық заңдылықтан шыға алмаймыз, буын-дыбыс үндестігін сақтамаймыз. Сондықтан да қазақ тілінің әуезділігі бұзылады.

Студент жастарды былай қойғанда теледидар мен радиодан мынадай сөз тіркестерін тыңдап жүргеніміз жасырын емес: «Жемшөп жеткілікті жасақталды», «Астық егілді», «Жанұясына еңбек етіп жүрген жан» т.б. Дұрысы: Жемшөп жасақталмайды, жиналады. Астық егілмейді, егілетін дән немесе дәнек, астық бастырылады. Жанұя жасанды сөз, дұрысы -шаңырық немесе отбасы. Осы орайда айта кететін мәселе Қазақтың бас газеті «Егемен Қазақстанда» Үкімет жасақталды, депутаттар жасақталды немесе министрлер жасақталды деген көңілге қонымсыз тіркестерді көзіміз шалып қалады. Жоғарыдағы сөздердің дұрыс тіркесімі - жаңадан құрылу болмақ. Жасақталатын -әскер.

Келесі мән беріп қарайтын мәселе мәтіндердегі өз орнын таппай тұрған сөз тіркестері жайында болмақ. Осы орайда кейбір образды сөздерді орынды-орынсыз кез келген тұста келтіріп, жауыр етіп жіберетінімізге бірді-екілі мысал келтірейік.

Мысалы, «саңлақ» сөзінің нақты мағынасы - жүйрік дегенді білдіреді. Тек жылқының жүйрігіне ғана айтылса керек. Саңлақ күйші дегеннен гөрі, күйшілердің саңлағы деп айтуға болатын да шығар. Өкінішке орай газет-журнал беттерінен «саңлақ сауыншы, саңлақ малшы, саңлақ құрылысшы» деген сипаттамаларды жиі кездестіреміз.

Осы орайда, газет беттерінен бір-екі мысал келтіруді жөн санаймыз: «Қар кетіп, жер қарайды, сай-сала, тау етектерінде сылдырап аққан судың сүйкімді үні жүйке шымырлатып, өзіне баурап алғандай». Жүйке шымырлату деген бейнелі тіркес өз орнында емес. Ол жағымсыз құбылысқа байланысты айтылса керек. Мағынасы: жаман сөз, жаман хабар, жаман үн т.б. Спорт газетінен

тағы бір мысал: Біздің жігіттер бокстан техникалық әдістерді судай сапырды. Судай сапыру - берекесіз сөйлеу дегенге саяды. Бұл күндері қолдан жасалған осы тәрізді «су жаңа мақалдар» көбейіп кетті. Бұл қанатты сөздер өз орнында қолданып тұрған жоқ.

әлгі бар ғой

Студент жастарымыз фразеологизмдерді дұрыс қолдана білсе, ақиқат дүниедегі танымдық болмысты дұрыс байқаған болар еді. Қазақ тілінде тігісін жатқыза айтты (сөйледі) деген фразеологизм бар. Сөзді рет-ретімен жүйелеп, әдеби кеңістікте дұрыс сөйлеу дегенді білдіреді. Бірде радио хабарынан бір азаматтан сұхбат алып отырған тілші: «Бүгінгі сұхбатыңызға рақмет, әңгіменің жүнін жатқыза сөйледіңіз», - дегені бар емес пе? Бұл дегеніміз - фразеологизмдердің табиғатын терең түсінбеуден туындаған мәселе.

Орыс тілінде «өте ұқсас, бірінен бірін ажыратуға болмайтын нәрсені» «как две капли воды» деген екінші номинациямен береді. Біздің жаңа қазақтар осы фразеологизмді «егіз тамшыдай» деп қолданып жүр. Ал қазақ тұрмысында егіз тамшыдан гөрі егіз қозы деген тіркесте ұлттық болмыс қалыптасқан, біріне-бірі өте ұқсас, оларды бір-бірінен айыру, тәжірибелі адамның ғана қолынан келмек. Қазіргі кезде баспа беттеріндегі егіз тамшыдай деген қолданыс бөтен тілдің дүниелік картинасы болғандықтан сөз мәдениеті тұрғысынан мақұлдауға болмайды.

Біз күн сайын университетте «салауатты өмір салты, салауатты өмір» дегенді естіп, газет беттеріне жазып та жүрміз. Салауат - кешірім, дұға оқу дегенді білдіреді. Өткенге салауат деген сөздің мағынасы осыған саяды. Дұрысы - саламат, саламат сөзінің мазмұнында - саулық, амандық, дертсіз ұғымы жатады. Сондықтан қазақ бір-біріне амандасарда - Саламатсыз ба? Қоштасарда - Сау саламат болыңыз!,-дейді. Сондықтан жастармен спорт саласындағы өткізетін іс-шарамыз «Саламатты өмір салты» деген айдарды иеленуі керек.

Осыдан біршама жыл бұрын университетте педагогтердің ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Сол жерде сырт университеттен келген бір ғалымымыз сөзінің арасында «...мейірімділіктің қатайған шағында» деген сөз тіркесін көбірек

басынан  
кеткен

қолданысқа түсірді. Мейірімділік адам бойынан азаяды немесе жоғалады, мейірімділік қатаймайды. М.Әуезов кезінде «сөз дұрыс қолданысқа түссе бір-біріне жарығын, сәулесін түсіріп тұрады, егер дұрыс қолданыс таппаса, бір-біріне көлеңкесін түсіріп тұрады», - деген болатын. Бұл жердегі «...мейірімділіктің қатайған шағында» деген тіркесімнің бір-біріне көлеңкесін түсіріп тұрған сөз тіркесі екені көзі қарақты жастарға түсінікті жайт.

Тағы бір айта кететін мәселе біздің студент жастарымыз туыстық негіздегі атауларды дұрыс қолданып жүр ме? Қазақ халқының тек тану дәстүрі бойынша ер азаматтың үш жұрты болады. Олар: ағайын, яғни өз жұрты, нағашы жұрты және қайын жұрты. Сол сияқты тұрмыс құрып, ұзатылған қыздардың да үш жұрты болады. Ер азаматқа қарағанда, қыз жұрты өзгешелеу болып келеді. Өзінің балалық шағын өткізген алтын босағасы, ұзатылғаннан кейін

төркін жұрты болып қалады. Аттап басқан ақ босағасы – өз жұрты болып табылады. Қызда қайын жұрт деген болмайды, қайын апа, қайын сіңілі, қайын аға болады, қазақтың салтында бұл есімдер лақап атпен аталады. Қайын деген сөз – туыстық іліктік қатынастарды көрсетеді. Әлбетте, нағашы жұрт қыз баласының сүйеніші, қорғанышы. Теледидар, радио бағдарламаларында тұрмысқа шыққан қыздардың «қайын жұртымда» жүргенде деген сөздерін құлақ шалып қалады. Ол өз жұрты екенін төркін жұрты түсіндіру керек.

Олай болса, сөз мәдениетіне ден қойған, әдеби тілдің тазалығын көздеген, оның нормасын мойындаған, міндетті деп таныған университеттің профессор-оқытушылары, докторанттары, магистранттары мен студент жастары әлгіндей бірліктердің әдеби нормаға сай түрін қолданып, мәдениеттіліктің үлгісін көрсеткенін жөн деп ұғынамыз.

**Болатбек ТІЛЕУБЕРДИЕВ,**  
**М.Әуезов атындағы ОҚЗУ «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының профессоры, ф.ғ.д.**



## Болашақ журналистер ақпарат саласының білікті мамандарымен кездесті



М.Әуезов атындағы ОҚЗУ «Филология» факультеті 6В03220 – «Журналистика» білім беру бағдарламасының студенттері ақпарат саласының тәжірибелі мамандарымен кездесті. Кездесуге еліміздің журналистикасы мен филология ғылымына елеулі үлес қосқан ф.ғ.д., профессор Аяған Сандыбай мен ф.ғ.д., профессор Қайрат Сақ қатысты. Іс-шараның мақсаты – болашақ журналистерді сала мамандарымен кездестіріп, олардың жұмыс тәжірибесімен таныстыру, пайдалы кеңестер алуына мүмкіндік жасау.

Аяған Өтенұлы журналистің кәсіби ұстанымы, ақпаратпен жұмыс істеудегі жауапкершілік пен шығармашылық еркіндік туралы терең ойларымен бөлісті. Ал Қайрат Өмірбайұлы тіл мәдениеті, мәтін құрылымы және оны талдаудың заманауи әдістеріне тоқтала отырып, теориялық білім мен практиканы ұштастырудың тиімді жолдарын көрсетті. Кездесу еркін форматта өтіп, студенттер көкейіндегі сұрақтарын қойып, мамандардан нақты мысалдармен өрілген пайдалы кеңестер алды.

# Барлық білімнің балбұлағы - бастауыштан басталады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 21 қазандағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің төртінші отырысы барысында Қазақстан білім алушылары PISA зерттеуінің нәтижелері бойынша ЭЫДҰ елдеріндегі өз құрдастарынан оқу сауаттылығы жағынан айтарлықтай артта қалғанын атап өтіп, жаппай кітап оқитын ұлтқа айналу үшін жоғары оқу мәдениетін қалыптастыру жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды.



Негізгі әдістемелік ұсынымдар:

1. Оқуға ынталандыру:

Білім алушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі ойын элементтерін, интерактивті тапсырмаларды, суреттер мен бейнематериалдарды қолдану ұсынылады.

2. Оқу үдерісін жүйелеу:

Күнделікті оқу кестесін құру, нақты, түсінікті және оқушыға қолайлы оқу мақсаттарын белгілеу маңызды.

3. Деңгейіне қарай материал ұсыну:

Әр білім алушының жеке оқу деңгейін ескеру, қажеттілігіне қарай дифференциацияланған тапсырмалар беру ұсынылады.

4. Жан-жақты қолдау көрсету: білім алушыларды жігерлендіріп, қолдап отыру олардың оқу белсенділігін арттырады.

5. Оқу барысын бақылау: білім алушылардың жетістіктерін үнемі бақылап, кері байланыс беру арқылы оқу дағдыларының дамуына септігін тигізу керек.

Оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін бастауыш сыныптардан бастап әртүрлі мәтін түрлерін, соның ішінде электронды мәтіндерді қолдану қажет. Бұл білім алушылардың ақпаратты түрлі формада — диаграммалар, суреттер, карталар, кестелер мен графиктер түрінде қабылдап, түсіну қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Білім алушы әртүрлі жанрдағы мәтіндерді түсініп, олардың мазмұны туралы ойланып, мағынасын бағалап, мәнін саралай білуі тиіс. Сондай-ақ мәтінмен жұмыс барысында оны дұрыс түсіндіру, негізгі ойды анықтау және мәтіннің құрылымын талдау дағдылары қалыптасады.

Тілдік пәндер бойынша оқу бағдарламаларының оқыту мақсаттарын пысықтау PIRLS және PISA халықаралық зерттеулерінде бағаланатын оқу сауаттылығы дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік береді.

Балалардың дүниетанымын кеңейтумен қатар, оқу олардың сезімін, еркін, логикалық ойлауын және тілін дамытатын маңызды құрал болып табылады. Оқу білім алушының сезімін тәрбиелеп, ерік-жігерін шыңдайды, сонымен қатар логикалық ойлау мен тілін дамытуға ықпал етеді.

Бастауыш сынып білім алушылары әр сабақта оқу дағдыларын жетілдіріп, білім мен тәрбие алуына қа-

Осы мақсатта 2021-2022 оқу жылынан бастап барлық білім беру ұйымдарында кітап оқуға қолдау көрсету және кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында білім алушылар арасында «Оқитын мектеп» жобасы енгізіліп, мектептерде сабақ аралығында кесте бойынша 20 минуттық кітап оқу ұйымдастырылып келеді. Бастауыш мектеп – әр баланың өміріндегі ерекше кезең, себебі дәл осы уақыт аралығында оның оқу қабілеті мен іс-әрекетті ұйымдастыру дағдыларының негізі қалыптасады. Толыққанды

оқу дағдысын игерген бала жаңа білімді өз бетімен меңгеруге қабілетті болып, болашақта жоғары сыныптарда және өмір бойы өзін-өзі жетілдіруге мүмкіндік алады.

Осы әдістемелік ұсынымда бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған бірқатар тиімді әдістер мен кеңестер берілген. Ұсыныстар оқу үдерісін оңтайландыруға, білім алушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруға және оқу белсенділігін ынталандыруға ықпал етеді.



жетті түрлі дағдыларды қалыптастырады. Оқу – күрделі психологиялық процесс, ол тілдің дамуының барлық аспектілерімен, оның ішінде әдеби жазба тілімен және ауызша сөйлеу тілімен тығыз байланысты. Оқу барысында көру, есту және сөйлеу мүшелері бір мезгілде жұмыс істеп, түсіну әрекетімен үйлеседі.

Оқу сабағында білім алушының шығармашылық қиялына әсер ете білу үшін келесі оқу түрлерін қолдануға болады: - мәтіннен суретке сәйкесті үзіндіні тауып оқу; - мәтіннен сұрақтарға жауап тауып оқу; - мәтіннен көркем бейнеленген үзіндіні тауып оқу; - мәтіннен мақал-мәтелге сәйкес үзінді тауып оқу; - мәтіннен кейіпкердің жағымды бейнесін суреттейтін үзіндіні тауып оқу; - мәтіннен жағымсыз кейіпкерді суреттейтін үзіндіні тауып оқу.

Жалпы жылдам оқыту барысында балаларды оқудың 2 түрін – дауыстап және іштей оқу формаларын қалыптастыру қажет. Дауыстап оқу – оның кідіріссіз және әрбір сабақ бағдарламасына сәйкес оқу темпінде, мәтінді мәнерлеп оқудан тұрады. Дауыстап оқу көбінесе 1-2-сынып білім алушыларына тән. Іштей оқу – көзбен оқудан тұрады. Іштей оқу 1- сыныптан басталады. Содан былай қарай, оқудың бұл көрсетілген екі түрі де бір-бірімен ұштастырыла жүргізіледі.

Білім алушылар дауыстап оқу арқылы алған дағдыларын іштен оқуға тасымалдана береді, 3-сыныпта жаңа материалдар алдын ала дайындық жұмыстарынан кейін іштен оқуға тапсырылады. Мұнда мәтіннің мазмұнын білім алушылардың түсінуін қамтамасыз ететін түрлі тапсырмалар беріледі: мәтін мазмұны бойынша сурет салу тақырып қою, бөлімдерге бөлу т.с.с. 3-4-сыныптарда іштей оқылған мәтіндерге білім алушылардың түсінген-түсінбегендерін түрлі сұрақтар қойып, жауап алу арқылы немесе мәтіннің мазмұнын айтқызу арқылы, мәтіннен тірек сөздерді тапқызу арқылы т.б. тексеріледі. Оқудың бұл түрлерінің екеуінде де дұрыс оқу, шапшаң оқу және түсініп оқу талаптары орындалуға тиіс. Дауыстап оқуға бұларға қосымша мәнерлеп оқу талабы қойылады. Бұл талаптар бірбірімен тығыз байланыста іске асады. Өйткені түсінбей, мәнерлеп оқи алмайды, ал дұрыс оқымаса, түсінбейді.

Егер бала буындап оқығанда қателессе, дереу түзетіп, оған қиын тиген сөздерге талдау жасап

отырудың дұрыс оқуға дағдылану үшін пайдасы зор. Бастауыш сынып білім алушыларының оқу сабақтарында жіберетін қателері:

1. Әріп, буын немесе сөз қалдырып кетіп оқу;
2. Кейбір буындарды, сөздерді екі рет қайталап, ежелеп оқу;
3. Тілі келмегендіктен немесе әдеттеніп кеткендіктен бір әріпті екінші әріппен алмастырып (оңда-оңға, күзет-күжіт т.с.с.) оқиды.

Мұндай кемшіліктерді мұғалім алдын ала есепке алып, түзету жолдарын ойластыру керек.

Бастауыш сынып білім алушыларының оқу дағдыларын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар оқу процесін тиімді және нәтижелі ұйымдастыруға бағытталған. Білім алушылардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттыру үшін оқу материалдары мен тапсырмалары әртүрлі, қызықты және баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес, мотивацияны арттыру мақсатында ойын элементтері, интерактивті әдістер мен заманауи технологиялар қолданылуы тиіс. Оқу жылдамдығын арттыру және оқу кезінде мәнерлеп оқуды қалыптастыру маңызды. Бұл мақсатқа жету үшін арнайы жаттығулар мен әдістер қолданылады. Оқу техникасын жетілдіру арқылы мәтіннің мағынасын түсіну және мазмұндау дағдылары да дамиды. Оқу дағдыларын қалыптастыру процесінде сөздік қорын байытуға ерекше көңіл бөлу қажет.

Білім алушылардың сөздік қорын кеңейту үшін арнайы лексикалық жаттығулар, сөздік диктанттар, мәтіндерді талдау және жаңа сөздерді пайдалану ұсынылады. Сонымен қоса жаңа сөздерді білім алушылардың күнделікті өмірде қолдануына жағдай жасау маңызды. Бастауыш сынып білім алушыларының оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында отбасымен бірлесе жұмыс жасау қажет. Ата-аналар мен мұғалімдердің бірлескен іс-әрекеті ғана білім алушылардың оқу дағдыларын тиімді дамытуға ықпал етеді.

Білім алушыларға кітап оқуды насихаттау және бос уақытында кітапханаға бару мәдениетін үйрету маңызды. Әрбір білім алушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу дағдыларын қалыптастыру әдістерін бейімдеу қажет. Бұл дифференциацияланған және жеке тәсілді



қамтамасыз етеді. Жеке оқыту әдістері білім алушылардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандырып, олардың оқуға деген қызығушылығын арттырады. Оқу дағдыларын қалыптастыру барысында білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға көңіл бөлу қажет. Бұл мақсатқа жету үшін топтық жұмыс, пікірталас, және рөлдік ойындар қолданылады. Қарымқатынас дағдыларын дамыту білім алушылардың өз ойын еркін жеткізуге және өзара түсіністікті арттыруға көмектеседі. Қорыта айтқанда, бастауыш сынып білім алушыларының оқу дағдыларын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар оқу процесін жан-жақты және тиімді ұйымдастыруға бағытталған. Білім алушылардың оқу дағдыларын дамытуда мұғалімдер, ата-аналар және олардың өздері бірлесе әрекет етуі маңызды болып табылады. Бұл әдістемелік ұсынымдар білім алушылардың оқу мәдениетін қалыптастырып, олардың болашақ білім алу жолында табысты болуына негіз қалайды.

**Куралай БОЗШАГУЛОВА**

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті колледжі**

**Бастауыш білім беру мамандығының оқытушысы.**



Биоэтика жөніндегі жергілікті комиссия – ғылыми-зерттеу құжаттарына тәуелсіз сараптама жүргізуге арналған университеттің ішкі органы болып табылады. Бұл комиссия зерттеуді жоспарлау және енгізу кезеңдерінде жануарларды пайдалану қауіпсіздігін, сондай-ақ клиникалық сынақ хаттамасының тиісті ғылыми және клиникалық тәжірибе стандарттарына сәйкестігін бағалауды қамтамасыз етеді.

«Биоэтика жөніндегі комиссия» зерттеуді жоспарлау, жүргізу, сондай-ақ аяқтау кезеңдерінде зерттеуге қатысушылар мен зерттеушілердің қауіпсіздігін, денсаулығын, құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету және зерттеулерге тәуелсіз биоэтикалық сараптама жүргізу мақсатында өткен жылы өте тәжірибелі 5 оқытушы-профессор құрамында жасақталған.

Мәселен, өткен оқу жылында ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру конкурсына қатысу мақсатында бірнеше жобалар талқыланды.

2025–2027 жж. арналған гранттық қаржыландыру конкурсына төмендегі жобалар ұсынылды:

1. «Ауылшаруашылық биотехнологиясы» ғылыми-зерттеу зертханалық орталығының жобасы

- Жоба тақырыбы: «Разработка безотходной технологии получения отечественного гонадотропного препарата, используемого в воспроизводстве для интенсивного развития животноводства»

2. Ветеринарлық медицина кафедрасының жобасы

- «Жас ғалым» бағдарламасы аясында

- Жоба тақырыбы: «Разработка препарата «НематоSTOP» против смешанных гельминтов овец и его изучение лечебной эффективности»

Аталған екі жоба да жеңімпаз атанды. Бұл – биоэтика жөніндегі жергілікті комиссия отырысының тиімділігін және ғылыми жобаларға қосқан үлесін көрсетеді.

Нәтижелер:

а) Жобалар бойынша хаттамалар рәсімделген;

б) Комиссия шешімі қабылданған.

Қазіргі таңда аталған жобалар ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан қаржыландырылып, жоба топтары командалық форматта жұмыс істеуде.

2025–2026 жаңа оқу жылының басталуына орай, күн тәртібіне сәйкес жергілікті биоэтика бойынша комиссияның кезекті отырысы ұйымдастырылып, құжаттар топтамасы қабылданды. Комиссия отырысында ғылыми жобалар бойынша келіп түскен өтініштер қаралуда.

Комиссия төрағасы:

- Тұтқышбай Ибрагим Асқарұлы – «Ветеринарлық медицина» кафедрасының доценті, ветеринария ғылымдарының кандидаты.

Комиссия мүшелері:

- Әжібеков Бақытжан Аманханұлы – комиссия хатшысы, «Ауылшаруашылық биотехнологиясы» ғылыми-зерттеу зертханасының меңгерушісі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты;

- Тұрымбетов Бекболат Сапарұлы – «Ветеринарлық медицина» кафедрасының профессоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы;

# Биоэтика – қауіпсіз және сапалы зерттеудің кепілі



- Байжанов Кеңес Серікұлы – «Ветеринарлық медицина» кафедрасының доценті, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты;

- Жылқыбаев Әсет Кеңесбекұлы – «Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы» кафедрасының меңгерушісі, биология ғылымдарының кандидаты.

Комиссия мүшелері факультетіміздің оқу залында жиналып, ұсынылған құжаттарды тыңдап, зерделеп, кемшіліктер мен толықтырулар енгізу бағытында жұмыс жүргізді.

Жаңа сапа менеджменті жүйесі аясында әзірленген Биоэтика бойынша жергілікті комиссия туралы ережелер толықтай стандарттарға сай қамтылған. Ережелер нормативтік құжаттар негізінде пысықталып, қол қойылып, мөр басылып бекітілді.

Аграрлық факультеттің деканы Г.Р. Тастанбекованың басшылығымен кеңесіп, ақылдаса отырып, зерттеу жұмыстарының мақсаты мен міндеттері нақтыланды. Жоспарланған ғылыми-зерттеу жұмыстарын биоэтикалық сараптамаға ұсыну үшін әзірленетін құжаттар тізімі айқындалды, сондай-ақ қажетті нұсқаулықтар мен талаптар ортаға салынып, жан-жақты талқыланды.

Жоспарланған ғылыми-зерттеу жұмыстардың биоэтикалық сараптамаға ұсынылатын құжаттар тізімі Биоэтика жөніндегі комиссия мүшелерінің бірінші отырысында қаралды.

2026–2028 жылдарға арналған ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру конкурсына қатысу мақсатында:

- 2025 жылғы 13 қазанда, «Ветеринарлық медицина» кафедрасынан 2 жоба талқыланды;

- Сол күні күн тәртібіндегі басқа мәселелер бойынша тағы 2 жоба қаралды.

Кейінгі, екінші отырыста (2025 жылғы 15 қазан) «Ветеринарлық медицина» кафедрасынан «Жас ғалым» бағдарламасы бойынша 2 жоба, сондай-ақ «Ауылшаруашылық биотехнологиясы» ғылыми-зерттеу зертхана орталығынан 2 жоба талқыланды. Бұл жобалар төмендегі құжаттар топтамасына сәйкес пысықталды (суреттерде көрсетілген).

1. Жоба атауы: Жануарлардың қатерлі ісіктеріне қарсы емдік сарысуды әзірлеу және қолдану.

2. Жоба атауы: Түркістан облысында ірі қара малдың пироплазмоз ауруының эпизоотиялық жағдайын зерделеу, емдеу және алдын алудың тиімді әдістерін әзірлеу.

3. «Жас ғалым» Жоба атауы: Sorben Ver азықтық қоспасын қолдану арқылы түрік етін ветеринариялық-санитариялық бағалау.

4. «Жас ғалым» Жоба атауы: Инновациялық биологиялық қоспалар негізінде тұщы су балықтарының өнім сапасын арттыру үшін азық

рецептураларын әзірлеу және ғылыми негіздеу.

5. Жоба атауы: Разработка технологии получения и использования семени высокоценных генотипов верблюдов в продуктивном верблюдоводстве.

6. Жоба атауы: Разработка интегрированной ДНК-маркерной селекции в разведении пород овец на юге Казахстана.

Өткен жылдардағы сын-ескертпелердің бірі – биоэтика жөніндегі комиссия отырыстарының жан-жақты талқылаусыз өткізілуі, хаттаманың ресімделмеуі және тиісті құжаттардың болмауы секілді олқылықтар болды. Осыған байланысты былтырғы және биылғы оқу жылында аталған мәселелерді ректор өкімімен дереу қолға алдық. Бұл бағыттағы жұмыстардың нақты айғағы – жоғарыда көрсетілген ғылыми жобалар мен тақырыптардың Биоэтика жөніндегі жергілікті комиссия отырысында өзектілігі, мақсаты мен міндеттері бойынша терең талқыланып, нұсқаулықтарға сай әділ сараптамадан өтуі болып табылады.

Комиссия құрамына зерттеуші не тапсырыс берушіге тікелей тәуелсіз тұлғалар енгізіледі. Олар тиісті кәсіби біліктілігі бар мамандар болуы шарт. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы жануарлары жөніндегі ғалымдар, ветеринар дәрігерлер, ветеринар санитарлар, зооинженерлер, биологтар мен биотехнологтар сияқты салалық мамандардың:

- жұмыс тәжірибесі,

- жеке кәсіби қасиеттері,

- этикалық, экологиялық және құқықтық мәселелер бойынша біліктілігі

Комиссия мүшелігіне қабылдануына негіз болады.

Олар – мамандығына сай білімі мен ғылыми дәрежесі бар оқытушы-профессорлар құрамынан таңдалып алынады.

Өтініш беруші ғылыми жетекшінің, орындаушының қалауы бойынша жоспарлы зерттеу барысында этикалық нормаларды сақтауға қатысты басқа да құжаттар қосымша (келісім шарт т.б.)

ұсынылуы және қаралуы мүмкін. Отырыс барысында құпия ақпаратты алуға және талқылауға мүмкіндіктер болады.



ИБРАГИМ АҚАРУЛЫ ТҰТҚЫШБАЙ

М.ӘУЕЗОВ АТ.ОҚЗУ ДОЦЕНТІ, В.Ғ.К., «БОЛАШАҚ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТИПЕНДИЯ ЛАУРЕАТЫ,

«ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» МЕМЛЕКЕТТІК МЕДАЛЬ ИЕГЕРІ

# 1988 жылғы түлектер: Сағынышқа толы кездесу

Қазан айының басында Астанадан Әли Көмекбаев хабарласты.

Ол 1983–1988 жылдары ҚазХТИ-дің механика факультетінде оқыған. Сол кезеңде мен ҚазХТИ студенттері кәсіподақ комитетінің төрағасы едім. Әли — озат студент болумен қатар, институттың Халық театрының белсенді мүшесі болған. 1986–1987 жылдары театр «Халықтық театр» атағын қорғау мақсатында Сұлтан Әбдиев қойған «Геростратты ұмыт» спектаклінде Әли Клеон рөлін шебер сомдаған еді.

Әли қазан айының соңында, 1988 жылғы ҚазХТИ түлектері Шымкентке келіп, өздері білім алған қара шаңырақ — қазіргі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетін (ҚазХТИ-дің құқықтық мұрагері) аралап көргісі келетінін айтты. Университетті аралауды ұйымдастырып беруімді өтінді. Мен бұл ұсынысты қуана келістім.

Түлектер бұрынғы Кеңес Одағының әр төңірінен жиналатын болғандықтан кездесу күні жексенбі – 26 қазанға белгіленді. Осы орайда университеттің Қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректоры Сәдыбек Қалмаханұлы Бейсенбаевқа ерекше алғысымды білдіргім келеді. Ол бұл сапардың ұйымдастырылуы мен сәтті өтуіне үлкен қолдау көрсетті.

Белгіленген уақытта университет ғимаратының алдында ҚазХТИ механика факультетінің 32–13 тобы (құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкциялары өнеркәсібінің механикалық жабдықтары мамандығы) жиналды. 25 студенттен құралған топта 13 ұлттың жастары қатар оқыған. Уақыт өте өмір оларды Қазақстанның түкпір-түкпіріне, сондай-ақ Германия, Түркия, Шешенстан және Грекия елдеріне шашыратып жіберді.

Кездесуге келген түлектер туралы қысқаша мәлімет:

Фазылбек Исабаев. Университеттен кейін инженер жобалаушы болып өндірістің түрлі салаларында және қаржы ұйымдарында еңбек етті. Кейін құрылыс саласына ауысып, бүгінде зейнеткер құрылысшы. Алматы қаласында тұрады.

Исмаил Адусович Мисирханов. Институтты тәмамдаған соң Шымкенттегі «Оргпроектцемент» филиалына жолдамамен жіберіліп, 1988–1990 жылдары сонда еңбек етті. 1990 жылы Грозный қаласына көшіп, Ассиновск станциясындағы кірпіш зауытының бастығы болып, 2001 жылға дейін жұмыс істеді. 2001–2012 жылдары Ассиновск станциясы әкімшілігі басшысының құрылыс жөніндегі орынбасары қызметін атқарды.

2012 жылдан бері Шешен Республикасының Серноводск қаласындағы «Чеченэнерго» АҚ-да тарату желілері инженері болып жұмыс істейді. Әли Амантаевич Көмекбаев. ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік Басқару академиясының алғашқы түлектерінің бірі. Бір топта Қайрат Келімбетов, Азат Перуашев, Батырхан Исаев, Роза Назарбекова, Әлібек Тілегенов, жазушының ұлы Алматы Салғарин, сондай-ақ Ерлан Сәрсекеев, Серік Қапаров және басқалар оқыған. 10 жылдан астам уақыты Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Басқа да жетекшілік лауазымдарда болған.

«Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен және басқа да марапаттармен нағдалған. Сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссияның (Беларусь, Қазақстан, Ресей) дамуына қосқан үлесі үшін де марапатталған. Қазір Мемлекеттік басқару академиясының HR ин-



ститутында жұмыс істеп, жастарға тәжірибесін үйретуде.

Терлан Ахмедов. Институт жолдамасымен Алматы облысы Бурундай қаласындағы кірпіш зауытына жұмысқа жіберілген. Қазір сонда тұрады. Әр түрлі құрылыс компанияларында басшылық қызметтер атқарып, кейін өз фирмасын құрған, бүгінде соны басқарады.

Ариф Мустафаев. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған. Логистика саласында еңбек етеді. Ұзақ қашықтыққа азық-түлік тасымалдайтын ауыр жүк көліктеріне иелік етеді. Тараз қаласында тұрады.

Исмаилмен бірге оның інісі Мисирханов Жабраил Адусович те келген. Ол 1985 жылы ҚазХТИ-дің механика факультетіне (ХӨМА-химия өнеркәсібінің машиналары мен аппараттары мамандығы) оқуға түскен.

1986–1988 жылдары Кеңес армиясы қатарында әскери борышын өтеген.

1990 жылы Грозный қаласына қоныс аударуына байланысты сырттай оқу бөліміне ауысып, кейін Грозный мұнай институтын 1992 жылы аяқтаған. Қазір жеке шаруы қожалығын басқарып, ауыл шаруашылығымен айналысады.

Кездесуге сондай-ақ 1980–90 жылдары ҚазХТИ-де «Машиналар мен механизмдер теориясы және машиналардың бөлшектері» кафедрасының меңгерушісі болып қызмет еткен Болат Фазылұлы Үркімбаев та қатысты. 1990 жылдары мемлекеттік қызметке ауысып, қала әкімінің кеңесшісі, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің аумақтық басқармасының бастығы, Оңтүстік Қазақстан облысы тәртіптік кеңесінің төрағасы, кейін Мемлекеттік басқару академиясы жанындағы мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру институтының директоры қызметтерін атқарды.

Кездесу барысында түлектер өздерінің ұстаздарын ерекше жылы ілтипатпен еске алды: Шаяхмет Молдабекұлы Молдабеков пен Михаил Қасымұлы Наурызбаев, механика факультетінің деканы Вячеслав Владимирович Порошин, кафедра меңгерушісі Майдан Кадырович Сүлейменов, ұстаздар Жақсылық Жұмаділұлы Жанабаев, Людмила Петровна Колотаева, Павел Витальевич Давыдов және басқалар.

Қорытындай келе, Шешенстанның Шатай ауданындағы «Ламанан аз» («Голос гор») газетінде жарық көрген жазбаны келтіргім келеді:

«...В пятницу, 18 апреля 2025 года, житель станции Ассиновской Серноводского района

Джабраил Мисирханов на своем КамАЗе-манипуляторе возвращался с грузом домой из пригородного села. День клонился к вечеру. В пути следования по маршруту в районе Карпинки Джабраил заметил мужчину, пытавшегося заскочить в движущуюся вниз с горки фуру. Позже выяснилось, что водитель хотел ее остановить. Но все было тщетно: водителя фуры отбросило в кювет. Увидев эту картину, Джабраил быстро посмотрел в зеркало заднего вида и насчитал более десяти машин, едущих сзади. Имея за плечами почти 40-летний опыт вождения, он мгновенно оценил ситуацию: если движущийся вниз с горки транспорт не остановить, то может произойти крупная авария с человеческими жертвами. «Этого нельзя допустить!» – мелькнула в его голове мысль.

Тогда он скомандовал сидевшему рядом пассажиру: «Прыгай!» и своим КамАЗом перекрыл дорогу мчащейся уже на скорости фуры. Удар пришелся ниже пассажирской кабины и был такой силы, что машину Джабраила протащило метров на 25.

К счастью, наш герой отделался легкими ушибами и небольшими ссадинами.

Таким образом, своим смелым и решительным поступком Джабраил предотвратил возможные серьезные увечья, а может, и гибель ехавших за ним людей, которые оказались на этой дороге в тот трагичный момент.

КамАЗ Мисирханова сильно пострадал, но Джабраилу ничуть не жаль своей дорогой техники. Главное, считает он, не пострадали люди. Как замечательно, что среди нас есть такие смельчаки, готовые в критической ситуации, не раздумывая, совершить поступок, сродни подвигу! Все, кто знает Джабраила, а также слышавшие о его поступке, гордятся и восхищаются им. Вот так, часто оказывается, что настоящие, но скромные герои, такие как Джабраил Мисирханов, живут рядом с нами».

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің ұжымы да өз түлектерінің осындай игі істеріне шексіз риза, олар оқу ордасының даңқын арттырып, абыройын асқақтатып келеді.

**Б.Е. СЕРІКБАЕВ**  
**М.Әуезов атындағы ОҚЗУ**  
**«Механика және машина жасау»**  
**кафедрасының доценті. МОПСМИИК**  
**кафедрасының 1979 жылғы түлегі**



# Біздің түлек – біздің мақтанышымыз!

## Баймен Батухан Әбдікерімұлы

Баймен Батухан Әбдікерімұлы — отандық графиканың дамуына зор үлес қосқан, Қазақстанның ең ірі заманауи график-суретшілерінің бірі, линогравюраның новаторы.

Ол университеттің 1977 жылғы түлегі. Өз еңбек жолын 1977 ж. М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының көркем-графика факультетін бітіріп, Ә.Қастеев атындағы көркемсурет колледжінде мұғалім болып бастады.

1979 жылы ОҚ облысы суретшілер одағы жүйесінде жұмыс істеді;

1985 жылы КСРО Жас суретшілер одағының мүшесі;

1989 жылы КСРО суретшілер одағының мүшесі;

1990 жылы ОҚ облысы суретшілер одағының Бас суретшісі;

1991 жылы Шымкент қаласының Бас суретшісі;

1992 жылы «Шымкентқалабезендіру» мекемесінің директоры;

1994 жылы «АБАЙ. Өмір, уақыт, өнер» атты үш тілде ЮНЕСКО баспасының көмегі арқылы басылып шыққан альбомда Батухан Байменнің «Абай өлеңдеріне» арналған графикалық топтамасы жарық көрді;

1995 жылы «Шымкент қалалық дизайн» басқармасы, «Модерн» өндірістік шығармашылық бірлестігінің директоры;

1996 жылы «Шымкент қалалық сәулет және құрылыс» басқармасы, «Монументальді жұмыстар және қаланы безендіру» бөлімінің бастығы;

1998 жылы «Түркістан қалалық дизайн» басқармасының директоры;

2001 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімшілігінің «Дизайн және ортаны әрлендіру» басқармасының бастығы;

2003 жылы «Тәуекел» ЖШС-інің директоры. Осы қызметтерді атқарған жылдары қаланы, аудан орталықтарын көркейтуге, жобаларды іске асыруда көптеген жұмыстар атқарылды және көптеген жобалардың авторы.

-Еңбектері Қырғызстан, Кипр, Индия, Қазақстан т.б. өнер мұражайларында және жеке өнер коллекцияларында сақтаулы.

- 2011 жылы Қазақстан Республикасының «Мәдениет қайраткері» төс белгісімен марапатталды.

- 2012 жылы «Ұстаз һәм шәкірт» атты шығармашылық альбомы жарық көрді.

- 2013 жылы Москва қаласы Суретшілер одақтары халықаралық конфедерациясы атқару комитетінің шығарған «Қазақстан бейнелеу өнері» альбомына Батухан Байменнің грфикасы басылды.

- 2013жылы Қазақстан суретшілер одағының 80 жылдығына арналған 5 томдық «Қазақ өнері» альбомына Батухан Байменнің графикалық туындылары басылып шықты.

- 2015жылы Ұлы Жеңістің 70жылдығына арналған «Уақытқа бағынбайтын естелік» облыс суретшілері мен фотосуретшілердің байқауында Бас жүлдені иемденді.

- 2015 жылы Қазақстан Суретшілер Одағы ның 80 жылдығына арналған «Үздік шығармашылығы үшін» медалімен марапатталды.



-2015жылы ОҚО облыстық «Qurmet-AB» Қоғамдық бірлестігінің «Ерен еңбегі үшін» медалі табыс етілді.

-2015жылы ОҚО әкімдігінің Облыстың мәдениет саласын дамытуға ерекше үлес қосқаны үшін 2015 жылдың «Үздік суретшісі» номинациясының иегері.

-2015жылы Кентау қаласының 60жыл мерекелік медалімен марапатталды.

-2016жылы Қырғыз Республикасы президентіне қарасты мәдениет кеңесінің алғыс хаты табыс етілді.

-2016жылдың қортындысы бойынша Қазақстан Суретшілер Одағы Ә.Қастеев атын дағы «Үздік шығармашылығы үшін» атты алтын медаліне ие болды.

- 2016 жылы Суретшілер Одақтары халықаралық конфедерациясы дипломының Қазақстандағы алғашқы иегері атанды.

- 2016 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің «25-жылдығы» мерекелік медалімен марапатталды.

- 2016 жылы Батухан Байменнің жеке шығармашылық альбомы басылып шықты.

- 2016 жылы Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігі ұйымдастырған «Тәуелсіздік толғауы» атты жаңа өнер туындыларына арналған конкурстың Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25-жылдығына



арналған «Ең үздік бейнелеу өнері туындысы» номинациясы бойынша І-орын иегері атанды.

- 2018 жылы Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы елшілігі грамотасымен марапатталды.

- 2018 жылы Қазақстан Республикасы Otyrar.kz телеарнасы «Батухан Баймен. Суретші-график. Өмір жолы, шығармашылығы, отбасы» атты документалды фильм түсірді.

- 2019 жылы Қырғыз Республикасының «Қырғыз көчу» бүкіл әлемдік лигасы медалы табыс етілді.

- 2019 жылы Кипр мемлекетінде жеке көрмесі өтті.

- 2021 жылы Қазақстан Республикасы «KazArt» телеарнасында «Батухан Бәйменов Менің мақсатым көрермендерді ойландыру» атты үш тілде документальді фильм түсірді.

- 2022 жылы Ресей Федерациясы профессионалды суретшілер одағының біріккен реестр сертификаты берілді.

- 2022 жылы Қазақстандық белгілі өнертанушы Дина Дуспулованың басылып шыққан «Художник Казахстана говорит» альбомына еңбектері жарияланды.

- 2023 жылы Францияның MONDIAL ART ACADEMIA акедемиясының мүшелігіне қабылданды.

- 2023 жылы Қазақстан Суретшілер Одағының 90 жылдығына арналған естелік медалімен марапатталды.



Табиғат аясында өткізілген әрбір сәт — студент үшін тек демалыс емес, рухани, танымдық, тәрбиелік сабақ. Жас ұрпақты табиғатты аялауға, оны түсінуге және туған өлкенің байлығын бағалауға баулитын мұндай шаралар — білім мен тәрбиенің өзара үйлескен жарқын үлгісі. Осы орайда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің студенттері бірегей табиғи орта — дендросаябақта ерекше танымдық сабақ өткізді.



## Табиғат аясындағы сабақ — жас ұрпаққа тәрбие мектебі



«Техникалық мамандықтар үшін практикалық орыс тілі» кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к. Г.Қ. Алтынбекованың жетекшілігімен «Ақпараттық технологиялар және энергетика», «Сәулет, құрылыс және көлік» жоғары мектептерінің студенттері ерекше табиғи орын – дендросаябағына танымдық сапар жасады.

1979 жылы ашылған бұл саябақ бүгінде өңіріміздің мақтанышына айналған. Мұнда 350 мыңнан астам түрлі өсімдіктер өсіп, табиғаттың сан алуан сұлулығын паш етіп тұр. Саябақта еліміздің және көрші мемлекеттердің белгілі тұлғалары – Д.Қонаев, И.Каримов және басқа да еңбек пен ғылым қайраткерлері отырғызған шынар ағаштары биіктей бой түзеп, жас ұрпаққа өнеге боларлықтай мәңгілік із қалдырған. Студенттер сирек кездесетін әрі «Қызыл кітапқа» енген ағаш түрлерін көріп, ерекше әсер алды. Әсіресе суда ондаған жыл сақталып, кейіннен кеме мен қайық жасауға пайдаланылатын емен ағашының қасиеті бәрін таң қалдырды. Сондай-ақ, шірімейтін қасиетімен ерекшеленетін қараағаштың да табиғи артықшылықтары жайлы қызықты мәліметтер айтылды.

Күзгі саябақтың көрінісі көздің жауын алады. Сарғыш жапырақтар төгілген ағаштар мен көл бетінде еркін жүзіп жүрген үйректер табиғаттың мінсіз үйлесімін көрсетеді. Бұл көрініс нағыз

суретшінің қолымен салынғандай әсер қалдырады. Аққайыңдардың нәзік сұлулығы мен алтын түске боялған орман көрінісі студенттердің бойында туған жерге деген сүйіспеншілік сезімін арттырды.

Бұдан бөлек, студенттер Г.Қ. Алтынбекованың жетекшілігімен жоспарлы экскурсия аясында Ордабасы алаңына барды. Қошқар ата өзені бұлақтардан бастау алып, минералдық емдік қасиетімен ерекшеленеді. Студенттер мөлдір бұлақтан су ішіп, табиғаттың көркем көрінісіне тәнті болды. Бұл жер бүгінде қала тұрғындарының сүйікті демалыс орнына айналған. Өзен жағасындағы жасыл желек пен мөлдір суда жүзіп жүрген балықтар ерекше әсер қалдырды. Сапар барысында студенттер Шымкент теміржол вокзалына да аялдады. 1916 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан вокзал 1960 жылдары жаңартылып, бүгінде кеңестік модернизмнің сәулет үлгісін сақтап отыр. Оның жанындағы ағаштан тұрғызылған көне үй мемлекет қорғауындағы тарихи ескерткіш саналады. Сондай-ақ жастар қазіргі Анаров көшесіндегі XX ғасырдың 30-жылдарынан бері сақталған



ағаш үйлерді көріп, олардың табиғи материалдан сапалы жасалғанына көз жеткізді. Экскурсия барысында студенттер көп мағлұмат алып, туған қаласының тарихына деген қызығушылықтарын арттырды. Өзіңнің тұрған жеріңнің өткені мен мәдени мұрасын тану – әр азаматтың парызы. Мұндай танымдық сапарлар жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, олардың бойында табиғатты аялау, туған өлкенің сұлулығын бағалау сезімін оятады.

**Г.Қ. АЛТЫНБЕКОВА**

«Техникалық мамандықтар үшін практикалық орыс тілі» кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.

# Тұмау және ЖРВИ туралы нені білуіміз керек?

Қазақстанда жіті респираторлық вирустық жұқпалар мен А типті (H3N2) тұмаудың таралу қаупі бар. Бұл тұмау түрі халық арасында «гонконг тұмауы» деп те аталады. 1968 жылы Гонконгта мутацияланған H3N2 «азиалық тұмау» вирусынан туындаған эпидемия басталды.



Тұмау денсаулығы мықты адамға жұқпайды деген сыңаржақ пікір екенін ұмытпаған абзал. Тек олардың көпшілігінің денсаулығы бірнеше аптада қалпына келеді. Ал кей адамда синусит, құлақ инфекциясы, пневмония, мидың немесе жүректің қабынуы сияқты асқыну пайда болады.

Денсаулық сақтау министрлігі қазан-сәуір айларында республикада ЖРВИ және тұмаумен сырқаттанушылардың маусымдық өсуі байқалатынын болжап отыр. Ақпартқа сүйенсек, жыл сайын республикада 3-4 млн адамның ЖРВИ және 2 мыңға жуық адамның тұмау жұқтыру оқиғалары тіркеледі.

Тұмау – адамнан адамға ауа-тамшылы және қарым-қатынас жол арқылы тарайтын жұқпалы вирусты инфекция. Инкубациялық (инфекция жұқтырған мезеттен аурудың симптомдары көрініс беретін) жасырын кезеңі бірнеше сағаттан 7 күнге дейін созылады. Тұмау эпидемиясы кезінде вирустың жалғыз таралу көзі – науқас адам. Инфекция жөтелу, түшкіру және науқас адаммен байланыс арқылы жұғуы мүмкін.

Алғашқы белгілер пайда болғаннан кейін дәрігерге қаралу керек. Ауру адам сау адамдардан бөлек бөлмеде оқшаулануы тиіс.

Өз бетімен емделудің қажеті жоқ – тұмау өте қауіпті, ал аурудың ағымын, сондай-ақ оның асқынуларын болжау қиын. Тек маман ғана дәл диагноз қойып, науқастың жағдайы туралы қорытынды жасай алады. Медсестраның ем тағайындауға құқы жоқ, оның міндетіне тек дәрігердің нұсқауын орындау кіреді.

Эпидемиолог мамандардың мәліметінше, Шымкент қаласында тұмаудың А түріне жататын вирустар анықталуда. Қыркүйек пен қазан айлары аралығында 89 900 жағдай тіркелген.

## Тұмауды емдеу кезінде жіберетін қателіктер

Адамдар жылдам жазылу үшін емделу кезінде бірнеше қателік жібереді.

Емделу кезіндегі қателіктердің біріншісі – жатпай жүріп алу. Тұмаудың бастапқы белгілерін байқасымен, үйде төсек режимін сақтамаса оны асқындырып алып, айналасындағы адамдарға жұқтырады.

Екінші қателік – жылдам жазылу үшін бірден антибиотиктердің көмегіне жүгіну. Себебі антибиотиктер бактериялық жұқпа кезінде қолданылады. Ол тұмау мен салқын тиюдің вирусін емдемейді. Керісінше, бақылаусыз антибиотик қабылдау иммунитетті әлсіретеді, сондықтан ағза вируспен күресе алмайды.

Үшінші қателік – аздап температура көтерілсе, оны тез қалпына келтіру үшін, бірден ыстық

түсіретін, ағзаның вируспен күресуіне кедергі келтіретін дәрілер ішу. Негізінде, ауырған кезде температураның көтерілуі – ағзаның қалыпты реакциясы. Дене температурасы 38 градустан аспай, ыстық түсіруші дәрілерді ішпеген жөн.

Төртінші қателік – тұмау тиген адамның жылы бөлмеде қалың киініп алып, қабат-қабат көрпенің астында жатуы. Бұл дұрыс емес, ондай жағдайда вирус ағзаны күштірек зақымдайды.

Бесінші қателік – тұмаудың бір белгісі жөтел болғандықтан, науқас адам, әсер ету механизміне мән бермей, жөтелге қарсы түрлі дәрі ішеді. Алайда, жөтелдің түрін айыра білу керек. Қақырық шығаратын шәрбаттар немесе құрғақ жөтелді басатын шәрбаттар болады. Мысалы, ылғал жөтел кезінде құрғақ жөтелге арналған дәрі ішсе, қақырық бронхта жинала береді. Нәтижесінде ауыр асқынуға әкелуі мүмкін.

Егер адам тұмаудың осы штаммымен ауырса ол оқшаулануы, төсекте жатуы керек, балалар балабақшаға немесе мектепке бармауы керек, аз мөлшерде жеміс-жидек пен көкөніс жеп, сорпа, шай, компот, итмұрын тұнбасы немесе жеміс шырыны сияқты көп сұйықтық ішуі керек, егер балада мұрын бітелуі қатты болса, тұзды ерітінділерді қолдануға болады. Мұрынға тамырларды тарылтатын тамшыларды қолдануға болмайды, себебі олар тыныс алу жүйесінен вирустың бөлінуін баяулатады.

Гонконг тұмауы жүкті әйелдер және қант диабеті, жүрек-қан тамырлары, тыныс алу жолдарының аурулары бар адамдар үшін де қауіпті. Созылмалы аурулардың асқынуы байқалады. Жүктілік кезінде әйелдің ағзасы вируспен күресе алмайды. Ерте кезеңдерде инфекция ұрықта асқынулар мен даму ақауларын тудыруы мүмкін.

## Тұмаудан сақтанудың тиімді тәсілдері

Тұмаудың алдын-алу дегеніміз – жедел инфекциялық патологиялық процестің дамуына жол бермейтін нақты және арнайы емес шаралар жиынтығы. Дұрыс тамақтану және салауатты өмір салты мамандарының айтуынша, екпе аурудан қорғайтын жалғыз амал емес. Адам өз денсаулығын күтіп, иммунитетін күшейтсе, соның өзі үлкен рөл атқарады.

Біріншіден, ұйқы мен демалыс маңызды. Ұйқы барлық физиологиялық жүйелердің, оның ішінде ми клеткалары функциясының толық қалпына келуін қамтамасыз етеді. Ұйқының жетіспеуі мен үнемі шаршап жүру иммунитетті әлсіретеді, ешқандай дәрумен мұны өтей алмайды.

Екіншіден, дұрыс тамақтану маңызды. Ағзаға жеткілікті мөлшерде ақуыз түсуі керек. С дәруменіне бай тағамдарды қолдану, тамақтану ра-

ционын жақсартып жаңа піскен жемістер мен көкөністерді жеу, шырындар ішу, күніне бір рет ет немесе балық жеу, дәрігердің нұсқауы бойынша дәрумендер мен минералды қоспаларды қабылдаған жөн.

Үшіншіден, жылы әрі ылғалды орта қажет. Құрғақ ауа тыныс жолдарының шырышты қабатын құрғатып жібереді, ал ол суық тию мен вирустан қорғайтын алғашқы қалқан. Үйді жиі желдетіп, шөп шайын ішіп жүру иммунитетті күшейтуге көмектеседі.

Тұмау вирусынан қорғану үшін жаттығулар жасап, дене шынықтырумен айналысып, далада, таза ауада көбірек жүру маңызды. Таза ауада серуендеу-организмді шынықтыру құралы, ультракүлгін сәулелердің тапшылығын және гиподинамияның алдын алу және организмде орын алған шаршаудың әсерін төмендететін қысқа мезгілдегі ең тиімді демалу.

Тұмаудың алдын алу шарасы ретінде мекемелерде оқу орындарында қолды зарарсыздандыру үшін санитайзерлер қойылуы керек. Қазір тұмауға қарсы екпе егу науқаны жалғасып жатыр. Тұмауға қарсы вакцинаның пайдасы – халықты, оның ішінде созылмалы ауруы бар, иммунитеті төмен адамдарды тұмаудан қорғайды және адам науқастанып қалса, ауру жеңіл өтеді.

Сондай-ақ, эпидемия кезінде адам көп жиналатын орындарға баруды, қарт адамдар, жүкті әйелдер мен кішкентай балалардың той - мерекелік іс шара сияқты жиындарға қатысуын барынша шектеген жөн. Сыртқа шыққанда немесе үйде тұмауратқан адам болса оксалин майын жағып, қолды сабынмен жиі жуып, 2-3 күнде бір жуынып тұрған абзал, бөлмелерді үнемі желдетіп, үйдің ауасын тазартып тұру қажет, компьютерлер мен ұялы телефондарды зарарсыздандыру ұсынылады.

Алда қыс мезгілі, суық күндер, яғни эпидемиялық маусым. Сондықтан ең қарапайым, бірақ ең тиімді қорғаныс – сақтық шараларын ұмытпау. Бастысы гигиена сақтау, қолды жиі жуып немесе антисептикпен өңдеп тұру керек. COVID-19 пандемиясынан кейін адамдардың жеке гигиенаға көзқарасы өзгерді. Қоғамдық орындарда қол жуу мен жөтелден сақтануға жауапкершілікпен қарай бастады. Тұмау секілді ауру өрши бастаса, қорғаныс үшін бір реттік бетперде қолдану да маңызды. Бұл қарапайым шаралар өзіңізді ғана емес, айналаңыздағы адамдарды да тұмаудан қорғауға көмектеседі. Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздеген абзал.

**ҚАЛҚАБАЕВА Сейсенкүл Ахметқызы**  
**М.Әуезов атындағы ОҚУ, биология және география кафедрасының профессоры, медицина ғылымдарының докторы, университеттің ҚҰРМЕТТІ ПРОФЕССОРЫ.**

## Өмір маған үйретті жыламауды

Өмір маған үйретті жыламауды  
Жыласамда өмірден құламауды  
Қанша жерден бақытсыз болсам дағы  
Өз бақытын өзгеден сұрамауды

Әркім келіп кетеді өмір талай  
Уақыт зулап өтеді сағат қалай  
Баспалдақтың әр қадамын бастың енді  
Тамақ оңай келмейді бұрынғыдай

Талап қыл еңбек ет қарап тұрма  
Сонда ғана боласың алып тұлға  
Төзімменен қайратпен биікке шық  
Жастық шағың өтпесін бостан босқа

Дәл қазір бағалай біл қолда барды  
Бұл өмірде тек қана АЛЛА мәңгі  
Қанша жерден сүрініп құласамда  
Өмір маған үйретті жыламауды



Абзал Сейдигали  
ФИ 25 11кр –  
тобының студенті

## Досыма

Досым айырылмастай болдыққой енді екеуміз  
Сыйластық пен өтіп жатыр күндеріміз  
Достық деген адалдық тың белгісі ғой  
Сол адалдық болсын біздің тірегіміз

Шексіз алғыс жаудырамын өзіңе мен  
Тек сенімен болашаққа беттеп келем  
Бақыт жайлы сұраса ойланбастан  
Өзіңменен өткізген уақыт дер ем

Кешірші артық кетсем кешір мені  
Жарыққа жалғыз мені жібермеші  
Егерде екі жолға бөлек кетсек  
Жүрегіңнен сен мені өшірмеші

Бір нанды бөліп жеген жан серігім  
Қайық пенен қасыңда қалқып келем  
Өз бетіңе жамандап жүргеніммен  
Әрқашанда өзгелерге мақтап жүрем

## Жаңа заман

Әр таң атса таңмен бірге күн шығар  
Біздің жастар білімге қашан құлшынар  
Білім деген болашақтың нақ өзі  
Осыларды ұғынатын жан бар шығар

Әр заманның өзінде бар тіршілік  
Тіршілікті дамытады көпшілік  
Сол баяғы ата баба үмітін  
Жаңғыртатын естілмейді жаңғырық

Еліктедік өзге ұлтқа, батысқа  
Батыс сені апардыма бақытқа  
Ұмыттыңғой өз салтыңды дәстүрді  
Соны абырой көрдіңдерма қазаққа

Өз ұрпағың болсын десең бақытты  
Құр сандалып өткізбейік уақытты  
Ерінбейік шаршамайық талмайық  
Дамытайық қазақ дейтін халықты

# ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ – БІЛІМДІ ҰРПАҚ

Тәуелсіздік - ата-бабамыздың сан ғасырлық арман-мұратының орындалуы, елдігіміздің ең асыл мұрасы. Қаншама жылдар бойы халқымыз еркіндік жолында күресіп, төгілген қаны мен көз жасы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен үміті мен арманы тәуелсіздік ұранымен айқын. 1991 жылдың 16 желтоқсаны – халқымыздың көптен күткен қуаныш күні, бұл күн ең ерекше күн.



Адель Асхатқызы  
Серғазиева  
СМ-24-6к2 тобының  
студенті

Тәуелсіз ел болу — ең үлкен бақ, ең киелі құндылық. Қазақ халқы тарихтың талай ауыр кезеңдерін, нәубет жылдарын, ашаршылық пен соғысты бастан өткерді. Сол себепті де тәуелсіздіктің бағасын білу әрбір азаматтың парызы. Бүгінде біз егемен елміз, өзіміздің Туымыз, Елтаңбамыз, Әнұранымыз бар, бұл – тәуелсіздіктің айғағы, елдігіміздің белгісі. Ендігі міндет – осы азаттықтың қадірін түсініп, келер ұрпақтың бойына отансүйгіштік пен елжандылық сезімін сіңіру.

Қай мемлекетте болмасын ең бірінші көрінісі ғылым мен білім өркениетінде жеткен жетістіктері болып табылады. Жылдарға салсақ, Абай атамыз «Ғылым таппай мақтанба» деген, яғни ғасырлар бойы ата-бабаларымыз қазақ балаларын, өрескел ұрпақты білімге, ғылымға баулып өркениетке ынталандыруы. «Білімсіздің күні қараңғы» - ал мемлекет білімсіз, ашкөз, мәңгірт, надан адамдардан тұрса ертеңіміз қаңырап қалмақ. Сол үшін біз қазақ жастары бар жігерімізді, патриоттығымызды бір алақанға жұмылдырып, тек алға жетелеп, қазақ елінің жастары болып, біз-сіз болып ат салысуымыз қажет деп білемін.

Қазіргі таңда қазақ қоғамы улануда, неге? Оған себеп өзге мәдениеттерге еліктеу, өзінің мәдениетін мойындамауы, бұндай қараңғылық ұялы сымтетік, ғаламтор кеңістігіндегі улану бейне таспаларын көру т.с.с. дүние. Алғашында бірлік, содан жұмыла жасалған күш-жігер, содан соң ғана білім, демек, осыдан да жетістік туады. Оңтүстік Қазақстан университетінің «Сәулет, құрылыс және көлік» факультетінің СМ-24-6к2 тобының студенті ретінде мен де өз ойымды білдіргім келеді. Өз елімнің дамуына үлес қосу үшін талмай оқып, ізденіп, кәсіби маман болуды мақсат етемін. Жастар – ел болашағының тірегі, ертеңгі үміті. Сондықтан әрбір студент тек өз мамандығын игеріп қана қоймай, елін сүйетін, жерін құрметтейтін азамат болуы тиіс. Профессорлар мен оқытушыларымыздың әр сабағы бізге жаңа білім мен рухани тәрбие береді. Ұстаз – өмірдің шамшырағы, білімнің кілтін ашушы тұлға. Осы орайда бізге тәлім-тәрбие, терең білім беріп жүрген ұстаздарымызға шексіз алғыс айтамын. Біздің ұранымыз – «Білімді ұрпақ – бақытты елдің кепілі». Білім мен тәрбиені қатар ұстанған жастар ғана ел дамуына нақты үлес қоса алады, ғылыммен

айналысу, іздену – елдің өркендеуінің басты негізі. Нағыз патриот болу үшін өз халқының тарихын, тілін, мәдениетін, дәстүрін терең білу қажет.

Қорытындылай келе, біз – жастар, сол тәуелсіздіктің тірегіміз. Тәуелсіздік бізге азат өмір сыйлады, ал біздің мақсат – сол азат өмірді баянды ету.





# ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҒЫРЫМ

Тәуелсіздік ұғымы – адам бойындағы еркіндік сезімін, рухани бостандық пен ұлттық мақтаныш сезімін білдіретін ең қастерлі түсініктердің бірі. Бұл ұғым қазақ халқының ғасырлар бойғы азаттыққа деген ұмтылысының нәтижесі болып табылады. Ұлтымыздың рухының асқақтығы, мемлекетіміздің тең құқылы және дербес ел ретінде қалыптасуы – тәуелсіздіктің тікелей жемісі.

Тарихқа көз жүгіртсек, 1465 жылы Қазақ хандығының құрылуынан бастап халқымыз талай сындарлы кезеңдерді бастан өткерді. Шапқыншылық, отаршылдық саясат, ашаршылық пен қуғын-сүргін – барлығы да ел тағдырына ауыр соққы болып тиді. Сол бір зұлмат жылдардан өткен қазақ халқы бүгінде егемен ел ретінде тәуелсіздігінің 34 жылдық белесін атап өтуде.

Бабаларымыз ғасырлар бойы еркіндік пен жер үшін күресіп, ел мен жер тұтастығын сақтап қалды. Ал бүгінгі ұрпақ сол еңбектің жемісін көріп отыр. Қазақстан бүгінде халықаралық аренада өз орнын айқындап, егемен мемлекеттермен тең дәрежеде қатынас орнатқан елге айналды. Ел экономикасының дамуы, халықтың әл-ауқатының артуы және көпұлтты қоғамның татулығы – тәуелсіздіктің ең басты жетістіктерінің бірі.

«Тәуелсіз елдің ұлы – өжет, қызы – қайратты, халқы – қаһарман» деген қанатты сөз осы ұрпаққа тікелей қатысты. Бүгінгі жастар білім мен ғылымда, спорт пен мәдениетте биік белестерді бағындырып келеді. Мәселен, қазіргі таңда әр 250-ші қазақ шетелдік жоғары оқу орындарында білім алып, ел игілігі үшін қызмет етуде. Ал 2025 жылы қазақстандық спортшылар халықаралық және олимпиадалық жарыстарда 912 медаль (оның ішінде 351 алтын, 270 күміс, 291 қола) жеңіп алып, ел намысын биік дәрежеде қорғады. Бұл – тәуелсіз елдің жасампаз ұрпағының табысы.

Тәуелсіздік – тұғырым. Ол халқымыздың ең киелі құндылығы, мемлекет тұтастығының тірегі. Оның мәнін түсіну, қадірін ұғыну – әр азаматтың парызы. Жас ұрпақтың бойында елге, тілге, жерге деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыру – тәуелсіз мемлекеттің басты міндеті.

Қазақстан үшін Тәуелсіздік күні – жылдағы бір мереке ғана емес, елдің рухани тұғыры. Егемен елдің әрбір азаматы осы қасиетті ұғымды қастерлеп, Отан алдындағы борышын адал атқаруға тиіс. Өйткені тәуелсіз мемлекеттің болашағы – елін сүйетін, рухы биік ұрпақтың қолында.



Қаламқас Мұхтарқызы Кіребек  
СМ-24-4К тобының студенті